

793.
Е88.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
МҰРАҒАТТАР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ



«ЕЛОРДА МҰРАҒАТТАРЫ» ХАБАРШЫСЫ № 5



**Астана қаласының Мұрағаттар
және құжаттамалар басқармасы**

**«ЕЛОРДА МҰРАҒАТТАРЫ»
ХАБАРШЫСЫ № 5**

Астана – 2010


Астана қаласының Мұрағаттар және құжаттамалар
басқармасының «Елорда мұрағаттары» хабаршысы

Астана қаласы Мұрағаттар және құжаттамалар
басқармасының бастығы
С.Ы. Ысқақовтың редакциясымен

№5 “Елорда мұрағаттары” хабаршысы - Астана.
ТОО «Полиграф - Мир». 2010- 100 б

ISSN 2076 - 0647

Құрастырушылар: Д.Ә. Бегімбетова, К.Кенебаев, Ж.Қ. Тажина.



ISSN 2076 - 0647

© Астана қаласының Мұрағаттар
және құжаттамалар басқармасы, 2010



Астана қаласы Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасының бастығы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, С. Ысқақов

Мұрағат көпке қызмет етеді

Қолдарыңызға әр түрлі себептермен кешігінкіреп тигелі отырған «Елорда мұрағаттары» хабаршысының кезекті санында ел өміріндегі айтулы оқиғалар саналатын Ұлы Жеңістің 65 жылдығына, Ата Заңымыздың 15 жылдығына, Астана қаласының жыл сайынғы дәстүрлі туған күніне арналған материалдар жинақталды. Осында жарық көрген топтамаларда Астана мұрағаттарының «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара еңбек еткен жұмыстарының кейбір буындары сөз болды. Жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес сала қызметкерлері ең алдымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын өз дәрежесінде атап өтуге қолдан келгеннің бәрін жасады. КСРО Қорғаныс Министрлігінің Орталық мұрағатымен тікелей байланыс орнатқан олар бұған дейін беймәлім болып келген көптеген құнды құжаттарды табуға қол жеткізді. Ақмола қаласында (қазіргі Астана) жасақталған дивизиялардың қанды жорық жолындағы жанкешті ерліктерін соңғы толқынға ұсынуден бірге, көптеген есімдердің өз жұртымен қайта табысуларына кеңінен жол ашты. Бұл орайдағы жауапты да қарбалас шаралар Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында жарық көрген «Ақмолалықтар майдан мен тыл шебінде» атты жинақта өзінің нақты көрінісін тапты. Баспадан жарық көріп, қыруар құнды жәдігерлерді жинақтаған бұл кітаптың тұсаукесеріне келушілер аса көп болды. Мұрағатшылардың бұл еңбектеріне Астанада орналасқан Ресей, Беларусь, Украина мемлекеттері елшіліктерінің жауапты қызметкерлерімен бірге, маңдайларын ақ қырау шалған майдангерлер мен олардың бүгінгі ұрпақтары да жоғары баға берді. Жақындарының аты-жөндері мен оларға қатысты мәліметтерді тапқандар Басқарма мен Мемлекеттік мұрағат басшылығына әлі күнге

дейін алғыстарын жолдауда. Тындырылған жұмыстың өтеуі дегенде, мұндай мысалдарға еріксіз жүгінуге тура келеді. Міне, осылар тұра-сында «Елорда мұрағаттары» хабаршысының жаңа санында жан-жақты жазылған. Сондай-ақ мұнда Жеңіс күніне орай мемлекеттік мұрағат ұйымдастырған көшпелі көрмелер туралы да тиісінше сөз болады.

Астана қаласы Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасының және Мемлекеттік мұрағаттың қызметкерлері қала күніне арналған Бәйтерек кешенінің алаңында «Астана және Президент» атты фото көрмеге қатысты, сонымен қатар ҚР Президенттік мәдениет орталығымен бірлесіп «Ел басы және Елорда» көрмесін өткізді.

Қазақстан халқы осыдан аттай 15 жыл бұрын өзінің тарихи таңдауын жасап, елдің талғам - талқысынан өткен басты құжаты төл Конституциясын қабылдаған еді. Жаңа Ата Заңды қабылдау арқылы рес-публика жаңа дәуірге еркін қадам басты. Жылдар көшінде атқарылған осынау үрдісті істер мұрағатта ұйымдастырылған шағын көрмелерде көпке ұсынылу үстіне, маңызды құжаттың маңызы мен мәнін сөз ет-кен дөңгелек үстел мәжілістері де өтті. Мұндай басқосуларға білікті ғалымдар шақырылып, олар Негізгі Заң елдің экономикалық өмірін рет-тейтін бүкіл заңнамалық базаның өзегі екендігін нақты мысалдармен атап көрсетті.

«Елорда мұрағаттары» хабаршысының бұл санынан бұдан өзге де түрлі тақырыптарды қаузайттын дүниелерді табуға болады.

Бүгінде сала қызметкерлері Астана қаласы Мемлекеттік мұрағаты құрылуының 15 жылдығы қарсаңында тұр. Осынау маңызды мерейтой-ды толымды табыстармен қарсы алу, жылды жемісті қорытындылау – мұрағатшылардың басты міндеті. Осы міндет үдесі жолында мұрағатшылардың қолдан келгеннің бәрін жасай беретіндігіне сенім мол.

АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ МҰРАҒАТ ІСІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ 2010 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗ АЙЫНДА ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1. Мұрағат ісін дамытуды мемлекеттік тұрғыдан реттеу

Астана қаласының Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасы 2010 жылдың тоғыз айында сала жұмысын сапалық жаңа деңгейге көтеруде әркездегідей Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңы мен осы Заңға енгізілген соңғы толықтырулар мен өзгерістерді ұдайы басшылыққа алып отырды. Мұның сыртында өкілетті орган – Астана қаласының әкімдігі тарапынан жасалынатын нұсқаулар мен тиісті ескертпелер де ортақ істің жақсылық жағына қарай өзгеруіне сенімді алғышарт жасай білгендігін атап көрсеткен жөн.

Өткен тоғыз айда Басқарманың Алқа отырысында саланың кешенді жұмыстарын сөз еткен бес мәжілісі болса, оларда 2009 жылдың қорытындысы мен ағымдағы жылға белгіленген жоспарлы шаралар; Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына байланысты атқарылатын кешенді жұмыстар; ұжымдағы саяси ахуалды жақсарту; Мемлекеттік мұрағаттың толымдау көздері болып табылатын ведомстволық мұрағаттардың жұмысы және іс жүргізу жөнінде жүргізген тексеріс шараларының тиімділігі; 2010 жылдың бірінші жарты жылдығына жүргізетін мемлекеттік сатып алулар жөніндегі есебі секілді өзекті де өткір мәселелер талқыланды. Күн тәртібіне ұсынылған осынау мәселелерді оңтайлы шешу жөнінде тиісті шешімдер қабылданды.

Жылбасынан Басқармамен Мемлекеттік мұрағат қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі мен біліктіліктерін арттыру мақсатында тұрақты жұмыс істейтін өндірістік-құқықтық оқудың алты сабағы өтті. Осынау басқосуларда ҚР Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыруды көздейтін бірыңғай Ережені қолданудың жолдары мен мүмкіндіктері, Елбасы Н.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты республика халқына арнаған дәстүрлі Жолдауы, төтенше жағдайлардың алдын алу және оны болдырмау шараларынан туындайтын міндеттер, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау және өрт сөндіру құралдарын ұтымды пайдаланудың жолдары секілді мәселелер ортақ әңгіменің өзегіне айналды.

Тиісті қаражаттың болмауына байланысты, Тың және тыңайған жерлерді игерудің 55 жылдығына арналған №5 «Елорда мұрағаттары хабаршысы» жобасы шығарылмай қалған болатын. Қазіргі таңда осы шығарылмай қалған мұрағат хабаршысы бойынша жұмыстар өз жалғасын табуда.

Президент Н. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын» күнделікті жұмыстың басты өзегіне айналдырған Астана қаласы Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасының қызметкерлері іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге, ұжымда қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мен нығайтуға ерекше құлшыныс танытып отыр. Бұқаралық баспасөз беттерінде жарияланған мемлекеттік тілді 2020 жылға дейінгі кезеңде кешенді дамытудың жолдарын көздейтін жаңа бағдарлама жобасы да ортақ іске жаңаша серпін берері даусыз. Өйткені, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, оның қолданылу аясын кеңейтпейінше, қолға алған жұмысты нәтижелі орындап шығу қиынға түседі.

Ағымдағы жылдың 14 қыркүйегінде Тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан халқы тілдерінің XII қалалық фестивалі аясында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» атты байқау өтті. Аталмыш шара мемлекеттік басқару органдардың арасында болды. Ал осылардың арасынан өздерінің білімдерін, актерлік шеберліктерін және мемлекеттік тілде емін-еркін сөйлейтіндерін көрсете білген Басқарманың және Мемлекеттік мұрағаттың қызметкерлері осы байқаудың жеңімпазы атанып, республикалық байқауға қатысуға жолдама алды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу және оның сақталуын қамтамасыз ету

Жылдың тоғыз айында Мемлекеттік мұрағатта құжаттардың бір орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізу, сақталуын қамтамасыз ету және ғылыми-анықтамалық аппарат бөлімінің мамандары түскен құжаттардың табиғи жағдайларын жақсартуда, жинақталған сақтау бірліктерін қалпына келтіру мен жаңғыртуда жоспарда көзделген бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Жоспарда белгіленген 5300 сақтау бірлігінің орнына 5429 сақтау бірлігі көлеміндегі құжаттарды қалпына келтіру, табиғи жағдайларын жақсарту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ жоспарда көзделген 6200 құжаттар парағының орнына 7245 парақ өңдеуден өткізілді.

Осы өткен мерзімінде 32-қорға енетін аса бағалы құжаттардың 422 сақтау бірлігі айқындалды. Ал жоспар бойынша тоғыз айда 192 сақтау бірлігін саралау, оларды іздеп-табу қарастырылған болатын. Мұның сыртында жоспардағы 785 сақтау бірлігінің орнына 840 сақтау бірлігі көлеміндегі аса бағалы құжаттарға тиісті айқындамалар жазылды. Аталмыш жұмыс негізінен 32-ші және 244-ші қорлар бойынша қолға алынды.

Тоғыз айда мәтіндері өше бастаған 3200 сақтау бірлігі қалпына келтіріліп, 3250 сақтау бірлігін құрайтын құжаттардың көшірмелері жасалынды.

Есепті кезеңде орталық мұрағат қоймасында жоспарда белгіленген 9300 сақтау бірлігінің орнына құжаттардың 9779 сақтау бірлігі қатырмаланды. 8 мың сақтау бірлігінен астам істердің орындары алмастырылып, жаңадан басқа жерлерге орналастырылды. 2121 сақтау бірліктерінің жапсырмалары алмастырылып, 8909 сақтау бірлігіне тиісті мұрағаттық белгілер қойылды.

Орталық мұрағаттың қоймаларына белгіленген кестеге сәйкес ай сайын санитарлық күндер тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Тоғыз айда жоспардағы 4000 сақтау бірлігінің орнына басқару құжаттамаларының 3934 сақтау бірлігі қабылданды. Ал жеке құрам бойынша ол 2250 сақтау бірлігі көлемінде белгіленсе, ол нәтижесінде 2281 сақтау бірлігіне жетті. Осы мерзімде жоспардағы 225 сақтау бірлігінің орнына ғылыми-техникалық құжаттардың 334 сақтау бірлігі қабылданды. Фотоқұжаттар жоспарда көзделген 75 сақтау бірлігінің орнына 116 сақтау бірлігі деңгейіне дейін өсті. Өткен кезеңде жеке тұлғалар құжаттарын қабылдау 375 сақтау бірлігі мөлшерінде белгіленсе, ол 402 сақтау бірлігін құрады.

Бүгінде мұрағатта 23-қорға енетін комсомолдық құжаттарды қайтадан өңдеу жұмыстары қолға алынып отыр. Жалпы көлемі 6044 сақтау бірлігіндегі бұл құжаттар аталған қордың 66-тізімдемесіне енетін болады.

Ағымдағы жылдың өткен мерзімінде жоспардағы 4875 сақтау бірлігінің орнына жалпы көлемі 6599 сақтау бірлігін құрайтын 44 тізімдемеге өңдеу жүргізілді. Сонымен бірге, жоспарда белгіленген 3150 сақтау бірлігінің орнына 17984 сақтау бірлігіне тең 66 істер тізімдемесі жетілдірілді. Бұл жұмыс негізінен ғылыми-анықтамалық аппарат тізімдемелеріне кешенді тексеру жүргізу мақсатында қолға алынды.

«Мұрағаттық қордың» бағдарламалық кешенін толықтыру жөніндегі жұмыс өзінің заңды жалғасын тауып отыр. Жыл басынан бері аталған қорға жалпы көлемі 12137 сақтау бірлігі көлеміндегі 36 қор аталған кешенге енгізілді. Жалпы «Мұрағаттық қор» бағдарламасына

65348 сақтау бірлігіне тең болатын 159 қор енді. Бағдарламаның деңгейі 610 байтты құрайды.

Өткен мерзімде қор істерінің арнаулы сараптамасы кесте түрінде жасалынып, олардың бәріне дерлік тиісті толықтырулар енгізілді. Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесін жетілдіру жөніндегі жоспар бойынша атқарылған істер арнайы журналға тіркелініп отырады. Мәселен, өткен кезеңде 294-қордың тізімдемелерін қайта басу қолға алынды. Мұндай жұмыс айналымға енген Бірыңғай Ережеге сәйкес дыбыстық, бейне және фотоқұжаттар бойынша да атқарылды.

Мұрағаттың құжат көздерін толықтыруға бұған дейін «Алматы», «Сарыарқа» аудандарының жеке құрам бөлімдері өз үлестерін қосып келсе, енді олардың қатары «Есіл» ауданы жеке құрамымен толығына түсетін болады. Ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап іске кіріскен бұл бөлім қазіргі таңда өздеріне тиесілі құжаттардың ара – жіктерін анықтау, өз аумағындағы ұйымдар мен мекемелер арасындағы жұмыстарды жандандыру шараларымен қоян-қолтық айналысуда.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыру. Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардағы іс жүргізу және ведомстволық мұрағаттарға ұйымдастырушылық –әдістемелік басшылық

Астана қаласы Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасының жауапты қызметкерлері ағымдағы жылдың осы мерзім ішінде 28 мекемеде кешенді тексеріс жүргізді. Тексеріс қорытындысы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша басқармасына тапсырылды.

Бұл мекемелерде тексеріс аясында жіберілген кемшіліктер және ұсыныстар шілде айының ортасында қалалық сараптау комиссиясының отырысында қаралып, мекеме басшыларына электронды құжат айналымы «Лотус-нотус» бағдарламасын жетілдіріп, аз уақыт аралығында жіберілген кемшіліктерді түзету керек екендігі ұсынылды.

Өткен жылдың аяғында Астана қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары, қалалық сараптау-тексеру комиссиясының төрағасы Е.Е. Каналимовтың 2009 жылдың 10-қарашасындағы Астана қалалық сараптау-тексеру комиссиясы шешімін орындау мақсатында Астана қаласы Әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелердің жетекшілеріне, мекеме құжаттарын ғылыми-техникалық өңдеу жүргізіп, 2007 жылғы құжаттарды қоса мемлекеттік немесе ведомстволық

мұрағатқа 2010 жылдың 1-сәуіріне дейін өткізу тапсырылған болатын. Бүгінгі таңға дейін Астана қалалық сараптау-тексеру комиссиясының 6 рет отырысы болды. Осы орайда 23 басқармаға ғылыми-әдістемелік көмек көрсетіліп, 19 мекеменің істер тізімдемесі мен 29 жеке шыққан құжаттардың және қаладағы кәсіпорындардан жалпы саны 104 істер тізімдемесі қалалық сараптау-тексеру комиссиясында бекітілді.

Жыл басынан бері Басқарма қызметкерлері Астана қаласы мекемелерінің, кәсіпорындары мен ұйымдардың іс жүргізу жұмыстарын уақыт талаптарына сәйкес жүргізуді ұдайы назарда ұстап отырды. 2010 жылдың тоғыз айында қаладағы 89 ұйыммен іс номенклатуралары жөнінде келісім жасағандығын атап көрсетуге болады.

Сондай-ақ сараптау комиссиясы мен ведомстволық мұрағаттың ережесі жөнінде 31 келісім жасалды. Ал іс жүргізу нұсқаулығы туралы 32 ұжыммен ортақ мәмілеге келсе, 96 мекеменің елтаңбалы бланкілері келісілді.

Есепті кезеңде қаланың сараптамалық - тексеру комиссиясына ведомстволық сақтаудағы бірқатар бағалау құжаттар ұсынылды. Соның нәтижесінде мұрағаттың толымдау көздеріне тұрақты сақталуға 441 іс, ал жеке құрам бойынша 139 іс өткізілді.

Мұрағаттың ғылыми-техникалық құжаттамаларын өңдеу ісімен бөлім мамандары бүгінде тұрақты айналысып отыр. Мәселен, Кедендік бақылау департаменті, «ПСК- Бетон», «Вечерняя Астана», «Астана ақшамы» газеттері редакцияларының жауапкершілігі шектеулі серіктестеріне, №7 мектебіне, экономика мен бюджетті жоспарлау басқармасы секілді бірқатар ұйымдарға әдістемелік және консультативтік көмектер көрсетілді. Мұндай кеңестер 12 ұжымға берілді. Ал қаладағы тілдерді дамыту басқармасында тұрақты сақтауға алынатын 118 істің тізімдемелерін жасауға көмек көрсетілді. Мұндай жұмыс жеке құрамға қатысты 46 іс бойынша да атқарылды.

Жылдың үшінші тоқсанында ведомстволық мұрағаттарға төлқұжаттар беру жөнінде ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар жүзеге асырылды. Бұл жұмыс негізінен Ақпарат және мұрағат комитетінің 2009 жылдың 18 – қарашасындағы №01-20/1474 хатына сәйкес қолға алынды.

Өткен мерзімде қаланың 113 ұйымымен төлқұжаттар беру жөнінде ұсыныс жасалынды. Ал қалған ұйымдарда енді қазан айында бұл жұмысты одан әрі жалғастыру көзделінуде.

Бөлім таратылған немесе жойылған ұжымдардың жеке құрамдарына қатысты құжаттарды сақтауды қамтамасыз етуде де біршама жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Өткен кезеңде толымдау көздері болып табылатын құрылыс мекемелерінің арасында осындай ұжымдармен

үш дүркін семинар өткізіп, ортақ істі талапқа сай шешудің оңтайлы жолдарын талқылады. Ағымдағы жылдың үшінші тоқсанында жалпы саны 142 істі құрайтын 3 ұжымның осындай құжаттары қабылданды. Олардың қатарында «Алтын полис», «Евразиан Фудс» АҚ және «Астана-рента сервис» ЖШС секілді ұжымдар бар.

Бағалы құжаттарға сараптама жасау, тізімдемелерді бекіту секілді жұмыстардан бөлім мұрағатшылары әсте тыс қалып жүрген жоқ. Соның нәтижесінде қолға алған жұмыс шараларын белгіленген мерзімде орындап шығу нақты қамтамасыз етілді.

4. Ақпаратты іздестіру жүйесін құру, ғылыми ақпарат және құжаттарды пайдалану

Басқарма мен Мемлекеттік мұрағат қызметкерлері ағымдағы жылдың тоғыз айында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына қатысты деректі құжаттарды іздестіріп-табу, оларды саралау мен іріктеу, осынау атаулы оқиғаға орай «Елі ерге сенген, ері елге сенген» атты көрме ұйымдастыру жұмыстарымен айналысты. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаттарынан әкелінген, Ақмолада жасақталған №310, 387 және 29-шы атқыштар дивизияларының жауынгерлік жолдарын бейнелейтін құжаттар, сондай-ақ қалада тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері ұсынған материалдар негізінде «Ақмолалықтар майдан мен тыл шебінде» атты жинақ жарық көрді. Атқарған кең көлемді жұмыстар қалалық, республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталды.

«Астана қаласының күні» мерекесін атап өтуден де Басқарма мен Мемлекеттік мұрағаттың қызметкерлері тыс қалған жоқ. Осыған орай Мемлекеттік мұрағаттың көрме залында «Астананың даму жылнамасы» атты көрме ұйымдастырып, оған қаланың өсіп-өркендеуіне қатысты құжаттар топтастырылды. Астананың Ақмола қаласына көшірілуіне орай қабылданған құзырлы мемлекеттік шешімдер, Астананы салу мен оның даму жолдарына арналған өзге де материалдар келушілер назарына ұсынылды. Аталған көрмеге Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері, қаланың бірқатар мекемелерінің өкілдері келіп, көрме экспонаттарын тамашалады. Мұндай көрме, сондай-ақ қаладағы Президенттік мәдениет орталығымен де бірлесіп өткізілді.

Үстіміздегі жылдың 19 тамызында Астана қаласының Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасы Астана қаласының Мемлекеттік мұрағатымен бірлесіп, Ата Заңымызға 15 жыл толуына арналған «Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстан

халқының бүгіні мен болашағының жарқын айнасы» деген тақырыпта мұрағат саласының қызметкерлері мен қаланың мемлекеттік мекемелерінің өкілдері қатысқан дөңгелек үстел өткізді. Сонымен қатар, ҚР Конституциясының 15 жылдығына орай 2 дүркін көшпелі көрме ұйымдастырылды. «ҚР Конституциясы – тұрақтылықтың, бірлік пен келісімнің шынайы кепілі» деген атпен Астанадағы техникалық-экономикалық колледжде, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде шолу түріндегі әңгіме - сұхбат өткізілді.

Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде жеке тұлғалардың құжаттарын өңдеу мен жинақтау жұмыстары да өз деңгейінде қолға алынды. Жыл басынан бері майдангер-жазушы Х. Рахимовтың, әлем чемпионы С. Нұрғалиевтің, мемлекет қайраткері Қ. Балахметовтың құжаттары дайындалып, олар толымдау көздерін толықтыруға пайдаланылды.

Сонымен қатар, Мемлекеттік мұрағатта Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің мұрағатшылары өндірістік тәжірибеден өткізілді. Қала тарихына байланысты көмек сұраған зерттеушілерге де тиісінше көмек көрсетілді.

Әрісін айтпағанның өзінде, тек үшінші тоқсанда ғана азаматтардан жоспарда белгіленген 375 сақтау бірлігінің орнына 402 сақтау бірлігін құрайтын құжаттар қабылданды. Ал фотоқұжаттар қабылдау жөніндегі жоспар да асыра орындалды. 75 сақтау бірлігінің орнына 116 сақтау бірлігіне тең фотоқұжаттар өңделіп, мұрағаттың тиісті сақтау қоймаларына өткізілді.

Жылдың осы тоқсанында «Елорда көшелері – тарих шежіресі» анықтамалығы да баспаханадан жарық көріп, ол мұрағатқа келушілердің ортақ игілігіне айналды. Осы мерзімде, сонымен қатар жеке тұлғалардың құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жүргізу жөнінде әдістемелік – нұсқаулық әзірлеу мәселесі де қолға алынды.

Қазіргі кезде Басқарманың және Мемлекеттік мұрағаттың қызметкерлері жылдық жоспарға сәйкес «Астана қаласындағы мұрағат ісінің дамуы: тәжірибелер, проблемалар және перспективалар» атты тақырыпта қараша айында болатын халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға дайындалу үстінде.

5. Кадрлардың біліктілігін жетілдіру Ұжымның әлеуметтік дамуы

Жылдың өткен үш тоқсанында кадрлардың біліктілігін жетілдіру, мұрағат мамандарының іскерлігін арттыру, жұмысқа оң ықпал ететін озық әдістер мен жаңа технологияларды меңгеруге жағдай туғызу Басқарма қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Үстіміздегі жылдың маусым айында «Лотус-нотус» бағдарламасы қалпына келтіріліп, 2010 жылдың басынан бастап Астана қаласының Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасының кіріс және шығыс құжаттарын (хаттарын) деректер базасына енгізіп отыр. Сонымен қатар, а.ж. 25-ші қыркүйегінде Астана қаласының әкімі аппаратында Басқарманың қызметкерлеріне арнап «Лотус» бағдарламасын үйрету жөнінде сабақ өткізілді.

Әр ай сайын ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша басқармасына, Астана қаласының әкімі аппаратының кадр бөліміне және Әділет департаменті және Астана қаласы бойынша ҚСЖАЕ комитеті басқармасына кадр жөнінде, сонымен қатар, Астана қаласы бойынша ҚСЖАЕ комитеті басқармасына заңды және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша есептер беріледі.

Азаматтардың Басқармаға жазған өтініштерінің орындалу барысына талдау жүргізіледі. Жыл басынан бері Басқармаға заңды тұлғалардан 16 өтініш, жеке тұлғалардан 9 өтініш келіп түсті. Түскен 25 өтініш Астана қаласының Мемлекеттік мұрағатына жолданып, барлығы ҚР «Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес орындалды.

Басқармада қазіргі кезде штаттық кесте бойынша қызметкерлердің жасақталуы 10 адамды құрайды. Бекітілген штат бойынша 11 адамның жұмыс атқаруы көзделген. Жылдың өткен айларында белгілеген жүйеге сәйкес 5 адам кезекті еңбек демалысында болды. Қазіргі таңда атқарып отырған мемлекеттік әкімшілік қызметіне сәйкес Басқарманың әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін аттестациядан өткізу үшін материалдар дайындалып жатыр.

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күресті күшейтудің қосымша іс шаралары және құқық қорғау қызметтерін одан әрі жетілдіру туралы» толықтырулар енгізілген 2009 жылдың 22 сәуіріндегі № 793 Жарлығының 2 тармақшасына сәйкес жемқорлыққа қарсы күрес шараларының жоспары жүзеге асырылуда.

Мұрағаттың ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар және автоматтандырылған мұрағаттық технологиялар бөлімі өткен кезеңде 2010 жылға арналған Істер номенклатурасын, мұрағаттың ведомстволық мұрағаты жөніндегі, сондай-ақ қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу туралы Ережелерін жасады. Ал іс жүргізу нұсқаулығы қайтадан толықтырылып, қалалық сараптамалық-тексеру комиссиясында бекітілді. Сәуір айында іс жүргізу нұсқаулығы бойынша барлық бөлімдерде тексеріс болып өтті.

Жылдың өткен кезеңінде мұрағаттың оқу залында 49 зерттеуші

жұмыс істеді. 2 адам – докторлық, 6 – адам кандидаттық диссертация қорғауға қатысты құжаттарды сараласа, 5 магистрант, 2 мұғалім, 6 студент, 5 мектеп оқушысы, 4 зейнеткер және тағы басқалары өздеріне қажетті материалдарды іздеп – табумен айналысты. Оқу залында жұмыс істеген ізденушілердің барлығы дерлік деректер базасына енгізілді. Есепті кезеңде зерттеушілерге 1553 іс беріліп, 1268 істің көшірмелері жасалынды. Істерді беру тапсырыстары арнайы журналға тіркелініп, оның орындалуы назарда ұсталынуда. Осыған сәйкес «Зерттеушілердің назарына» бұрышы да жасақталынды.

Оқу залынан жеке тұлғаларға қатысты іс тізімдемелер жөніндегі деректерді де табуға болады.

Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай «Мәңгілік есте», «Гүлдене бер, жас Астана!», «Біздің жарияланымдар» атты кітап көрмелері ұйымдастырылды. Сонымен бірге «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», «Ұлы Жеңіс», «Мемлекеттің көшбасшысы», «Астана» атты тақырыптық папкалар құрастырылды. Оқу залында саяси атаулы күндерге орай түрлі тақырыпта шолулар дайындалып келеді.

Мұның сыртында осындағы деректер базасына 25 мұрағат құжаттары, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар енгізілді және бұлар «Біздің басылымдар - 2010» атты папкаға тіркелінді.

Жыл басынан бері анықтамалық-ақпараттық қор 105 кітаппен толықтырылды. Бүгінде оқу залындағы кітаптар саны 407-ге жетіп отыр. Штаттық кесте бойынша Мемлекеттік мұрағатта 45 адамның жұмыс атқаруы көзделінген болса, қазіргі уақытта 44 адам еңбек етеді. Жыл басынан бері қызмет бабына байланысты 9 ауыс-түйіс болса, 10 адам жұмыстан босатылды. Жұмысқа жаңадан 11 адам қабылданды.

Алдын-ала белгіленген кестеге сәйкес 29 адамға кезекті еңбек демалысы берілді. Жүктілігі мен босануына, бала күтіміне байланысты 7 адам ұзақ мерзімді демалысқа шықса, 6 адамға жалақысы сақталынбайтын қысқа мерзімді демалыс берілді. Өткен мерзімде 4 адам еңбекке жарамсыздығы бойынша бюллетеньде болды.

Қалалық Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасы тарапынан жасалынған сын – ескертпелер негізінде мұрағатшылардың ішкі жұмыс нормалары мен ережелерін қатаң сақтауы әркездегідей бірінші орынға қойылып отыр. Осыған орай кадрлар резервін жасақтау, олардың еңбек тәртібі күнбе-күн назарда ұсталынуда.

Жылдың өткен кезеңінде мұрағаттың бағдарламалау секторының мамандарына қолда бар компьютерлердің бәріне дерлік вирусқа қарсы қондырғылар орнатуға қол жеткізді. Мұрағат бойынша компьютерлердің алпыс пайыздан астамы жаңасымен алмастырылды. Бөлімдерді жұмысқа

қолайлы, жаңа үлгідегі компьютерлермен қамтамасыз ету жыл соңына дейін жалғаса беретін болады. 4 компьютердің операциялық жүйесі алмастырылып, оларға «Net Speaker Phone» бағдарламалары енгізілді.

Сондай-ақ бухгалтерияның МТ-102 бағдарламасы жаңартылып, онда «Қазынашылық» сайтына арналған қондырғы орнатылды. Белгіленген кестеге сәйкес желіге қосылған компьютерлердің модемдерін үйлестіріп отыру шаралары да жете қадағаланып келеді.

2010 жылдың тоғыз айында Мемлекеттік мұрағатқа әлеуметтік-құқықтық сипаттағы 2874 сұраныс түсті. Оның 1609-ы ел аймақтарынан, ал 1265-і шет мемлекеттерден жолданды. Аталған сұраныстардың орындалуы төмендегіше сипатталады: оң нәтижелісі - 2145, нәтижесізі - 439, ал бейінсізі - 290.

Тақырыптық сипаттағы сұраныстар негізінен 74 болды. Солардың оң нәтижелісі - 32, нәтижесізі - 42 .

Өткен мерзімде Мемлекеттік мұрағатқа 13 консулдық сұраныс келсе, барлық 13 сұраным орындалды.

Астана қаласы Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасының және Астана қаласы Мемлекеттік мұрағатының ұжымы Елбасы Н. Назарбаевтың биылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Жолдауын әркездегідей өздерінің басты айқындамасына айналдырған. Осынау Жолдауда атап көрсетілгендей «Ел тарихының ХХІ ғасырдағы аса бір күрделі кезеңі аяқталып келеді. Дүние жүзінің экономикасын тұралатқан жаһандық дағдарыс дауылы әлі басыла қойған жоқ. Алайда ол өзінің алғашқы алапат қуатынан айырылды. Біз тас-түйін дайын болғандықтан, оның салдары біздің еліміз үшін соншалықты ауырға соққан жоқ». Өз істерінде абырой биігінен көрінуге құлшынған қала мұрағатшылары алда да сөз бен істің бірлігін қамтамасыз ете беретін болады.


Ж.Тажина
Астана қаласы Мұрағаттар және
құжаттамалар басқармасының
бөлім бастығы

АСТАНА ҚАЛАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ 2010 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗ АЙЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№ р/с	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Көлемі		9 айда орындалған ны
			Жоспар жылдық	9 айда	
1.	<u>ҚР-ның Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік есебін жүргізу</u>				
1.1.	Құжаттардың физикалық жағдайын жақсарту				
1.1.1.	Қағаз жүзіндегі құжаттар (барлығы) оның ішінде құжаттарды қалпына келтіру	сақт.бірл. сақт.бірл. мың парақ	6600 8200	5300 6200	5429 7245
1.1.2.	Бұзылудан сақтау, алдын-ала өңдеу жүргізу:				
1.1.2.1.	киноқұжаттар	сақт.бірл.			
1.1.2.2.	фотоқұжаттар	сақт.бірл.			
1.1.2.3.	үнкүжаттар	сақт.бірл.			
1.1.2.4.	Сақтандыру қоры	сақт. бірл. орам мың кадр			
1.2.	Құжаттарды мұқабалау	сақт.бірл.	12400	9300	9779
1.3.	Өше бастаған мәтінді қалпына келтіру	парақ	4300	3200	3754
1.4.	Залалсыздандыру (дәрілеу)	сақт.бірл.	4	3	3
1.5.	Аса құнды құжаттарды айқындау	сақт.бірл.	257	192	422
1.5.1.	Аса құнды құжаттарды сипаттау:	сақт. бірл.			
1.5.1.1.	қағаз жүзінде	сақт. бірл.	1050	785	840
1.5.1.2.	киноқұжаттар	есеп. бірл.			
1.5.1.3.	фотоқұжаттар	сақт.бірл.	90	60	60

1.5.1.4.	үнкүжаттар	сақт.бірл.			
1.6.	Сақтандыру қорын құру:				
1.6.1.	қағаз жүзінде	сақт.бірл. есеп.бірл.	4300	3200	3250
1.6.2.	киноқұжаттар	сақт.бірл. есеп.бірл.			
1.6.3.	фотоқұжаттар	сақт.бірл.			
1.6.4.	үнкүжаттар	сақт.бірл. есеп.бірл.			
1.7.	Құжаттардың жағдайын және есебін тексеру:				
1.7.1	қағаз жүзінде	сақт.бірл.	11000	8000	10471
1.7.2.	киноқұжаттар	сақт.бірл.			
1.7.3.	фотоқұжаттар	сақт.бірл.			
1.7.4.	үнкүжаттар	сақт.бірл.			
1.7.5.	Сақтандыру қоры	сақт.бірл. орам мың кадр			
1.8.	Есептегі құжаттардың толық жинағын мұқият салыстыру	қор			521
2.	<u>ҚР ҰМҚ қалыптастыру, мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың істерін жүргізуге құжаттарды ұйымдастыру және ведомстволық мұрағаттарға ұйымдастыру-әдістемелік басшылық жасау</u>				
2.1.	Құжаттарды қабылдау:				
2.1.1.	мекемелерден, ұйымдардан кәсіпорындардан				
2.1.1.1.	басқару құжаттары	сақт.бірл.	6000	4000	3934
2.1.1.1.1.	жеке құрам бойынша	сақт.бірл.	3000	2250	2281
2.1.1.2.	Ғылыми – техникалық құжаттарды:	сақт.бірл.	300	255	334
2.1.1.3.	киноқұжаттар	сақт.бірл.			
2.1.1.4.	бейнеқұжаттар	сақт.бірл.	-	-	

2.1.1.5.	фотокүжаттар	сақт.бірл.	100	75	116
2.1.1.6.	үнкүжаттар	сақт.бірл.			
2.1.2.	азаматтардан	сақт.бірл.	500	375	402
2.2.	Мемлекеттік сақталудағы құжаттар құндылығын сараптау:				
2.2.1.	басқару құжаттары мен жеке тектік құжаттар	сақт.бірл.	6000	4000	9933
2.2.2.	ғылыми – техникалық құжаттама	сақт.бірл.			
2.2.3.	жеке құрам бойынша	сақт.бірл.	3000	2250	1985
2.2.4.	бейнеқұжаттар	сақт.бірл.			
2.2.5.	фотокүжаттар	сақт.бірл.	-	-	116
2.2.6.	үнкүжаттар	сақт.бірл.			
2.3.	Ведомстволық сақталудағы құжаттардың құндылығына сараптама жасау (тізімдемелердің СТК – да бекітілуі):				
2.3.1.	басқару құжаттары	сақт.бірл.	2600	1950	3069
2.3.1.1.	жеке құрам бойынша	сақт.бірл.	1200	900	2935
2.3.2.	ғылыми – техникалық құжаттама	сақт.бірл.	200	150	204
2.3.3.	киноқұжаттар	сақт.бірл.			
2.3.4.	бейнеқұжаттар	сақт.бірл.			
2.3.5.	фотокүжаттар	сақт.бірл.			
2.3.6.	Үнкүжаттар	есеп.бірл			
3.	Ғылыми ақпарат және құжаттарды пайдалану, ақпараттық – іздестіру жүйесін құру				
3.1.	Сипаттау:				
3.1.1.	басқару құжаттары мен жеке тектік құжаттар	сақт.бірл.			
3.1.2.	ғылыми – техникалық құжаттама	сақт.бірл.	600	450	506
3.1.3.	киноқұжаттар	есеп.бірл.			
3.1.4.	бейнеқұжаттар	есеп.бірл			
3.1.5.	фотокүжаттар	сақт.бірл.	50		



3.1.6.	үнкүжаттар	есеп.бірл.	90	60	60
3.2.	Тізімдемелерді қайта жасау:				
3.2.1.	басқару құжаттары мен жеке тектік құжаттар	сақт.бірл.	6500	4875	6599
3.2.2.	киноқұжаттар	есеп.бірл.			
3.2.3.	бейнеқұжаттар	есеп.бірл.			
3.2.4.	фотоқұжаттар	сақт.бірл.			
3.2.5.	үнкүжаттар	есеп.бірл.			
3.3.	Тізімдемелерді жетілдіру (саралау және тізімдемеге ғылыми-анықтамалық аппарат кешенін құру):				
3.3.1.1.	басқару құжаттары мен жеке тектік құжаттар	сақт.бірл.	4200	3150	17984
3.3.2.	ғылыми – техникалық құжаттама	сақт.бірл.	318	237	334
3.3.3.	киноқұжаттар	есеп.бірл.			
3.3.4.	бейнеқұжаттар	есеп.бірл.			
3.3.5.	Фотоқұжаттар	сақт.бірл.			
3.4.	Құжаттарды каталогтау:				
3.4.1.	басқару құжаттары мен жеке тектік құжаттар	сақт.бірл.	7100	5325	5400
3.4.2.	ғылыми – техникалық құжаттама	сақт.бірл.	600	400	412
3.4.3.	киноқұжаттар	есеп.бірл.			
3.4.4.	бейнеқұжаттар	есеп.бірл.	50	40	40
3.4.5.	фотоқұжаттар	сақт.бірл.	90	60	60
3.4.6.	үнкүжаттар	есеп.бірл.	50	30	30
3.4.2.	тақырыптық кәртiшкелердi каталогтарға енгізу:				
3.4.2.1.	басқару құжаттары мен жеке тектік құжаттар	карточка	7100	5325	5400
3.4.2.2.	ғылыми-техникалық құжаттама	карточка	600	450	495
3.4.2.3.	киноқұжаттар	карточка			
3.4.2.4.	бейнеқұжаттар	карточка	50	40	40
3.4.2.5.	фотоқұжаттар	карточка	90	60	60

3.4.2.6.	үнқұжаттар	карточка	50	30	30
3.5.	Құжаттарға ғылыми – анықтамалық аппарат құру:				
3.5.1.	Ведомствоаралық көрсеткіштер құру	қор сақт бірл.	1 6100	1 5050	1 5100
4.	<u>Құжаттарды пайдалану және ғылыми ақпарат</u>				
	Дайындау:				
4.1.	құжаттарды көрмеге шығару	көрме	3	2	8
4.2.	радио және телехабар	хабар	5	4	23
4.3.	мақала және құжаттарды сұрыптау	мақала, сұрыптау	10 60	9 40	14 85
4.4.	анықтамалық құжаттар	құжаттар	25	20	37

**Астана қаласы мемлекеттік мұрағатының 2010 жылдың
9 айлық әлеуметтік-құқықтық сипаттағы өтініштер мен
сұранымдардың орындалуы жөніндегі
МӘЛІМЕТІ**

р/с	Көрсеткіштердің аттары	Сұранымдар саны
1	2	3
1.	<u>9 айлықта келіп түскені</u> Оның ішінде:	2874
	– ҚР–нан	
	– шет елдерден	
	<u>9 айлықта орындалғаны</u> Оның ішінде:	2874
	– ҚР–нан	1609
	– шет елдерден	1265
	<u>Орындалғандардың ішінде:</u>	
2.1.	<u>Оң нәтижелі жауаптар</u> Оның ішінде:	2145
	– ҚР–нан	1297
	– шет елдерден	848
2.2.	<u>Нәтижесіз жауаптар</u> Оның ішінде:	439
	– ҚР–нан	247
	– шет елдерден	192
2.3.	<u>Бейінсіз жауаптар</u> Оның ішінде:	290
	– ҚР–нан	65
	– шет елдерден	225

**Астана қаласы мемлекеттік мұрағатының 2010 жылдың
9 айындағы тақырыптық
сұранымдардың орындалуы жөніндегі
МӘЛІМЕТІ**

р/с	Көрсеткіштердің аттары	Сұранымдар саны
1	2	3
1.	<u>9 айда келіп түскені</u> Оның ішінде:	74
	– ҚР – нан	74
	– шет елдерден	
2.	<u>9 айда орындалғаны</u>	74
	ОРЫНДАЛҒАНДАРДЫҢ ІШІНЕН:	
2.1.	Оң нәтижелі жауаптар	32
2.2.	Нәтижесіз жауаптар	42

**2010 жылдың 9 айындағы консулдық сұранымдардың
орындалуы жөніндегі
МӘЛІМЕТІ**

9 айда келіп түскені	13
9 айлықта орындалғаны	13
Оң нәтижелі жауаптар	9
Нәтижесіз жауаптар	2
Бейінсіз жауаптар	2



К. КЕНЕБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының
мүшесі, жоғары санатты мұрағатшы

ТОҒЫЗ ЖОЛ ТОРАБЫНДА – АСТАНА СТАНСАСЫ

Ақмоланың, бүгінгі Астананың еліміздегі маңызды темір жол тораптарының бірі ретінде ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастау алады. Орталық Қазақстанның баға жетпес байлықтарын ел кәдесіне жарату мақсатында 1920 жылдың 5 тамызында РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы шығып, онда Петропавл – Көкшетау темір жол желісінің құрылысын тез арада іске қосу қажеттігі алға тартылды. Аталған шара Қазақ өлкесін өзге кеңестік елдер құрамындағы мемлекеттермен жалғастыруды, республиканы астық және басқа азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуді көздеді. Міне, сондықтан да болар, бұл жұмыс мейлінше аса қысқа мерзімде, екі жыл көлемінде жүзеге асырылды.

Ақмола қаласы арқылы өтетін мұндай темір жол желісі құрылыстарын жүргізуге кейін Қазақ Автономиялық Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің 1929 жылдың көктемінде қабылдаған шешімі де тиісінше қозғау салады. Осының нәтижесінде Бурабай – Ақмола, Ақмола – Қарағанды, Қарағанды – Успенск кеніші, Қарағанды – Шешенқара, Шешенқара – Жартас, Петропавл – Ақмола – Балқаш бағыттарындағы жол тораптарының құрылыстары басталып, оның негізгі жұмыстарын үйлестіретін басты қала ретінде Ақмола таңдап алынды.

1929 жылдың қыркүйегінде мұнда профессор М. Григоровский бастаған ғалымдар арнайы ат ізін салып, олар қала іргесіне таяу маңда орналасқан Максимовка мен Рождественка елді мекендеріндегі тас көмір қабаттарының қорын іздестірумен шұғылданды. Бұл іске өз кезегінде қазақстандық геолог-ғалым Қаныш Сәтпаев пен оның ізбасарлары да араласты.

Темір жол құрылысын салуда жинақталған бай тәжірибе мен жұмысшылардың ортақ іске деген ерекше құлшынысы кейін Ақмола арқылы Қарағанды қаласына жол тартуда да анық байқалады. Ақмола – Қарағанды темір жол желісінің құрылысы 1931 жылы аяқталды.

Ақмоланың өзге темір жол тораптарымен одан әрі жалғаса түсуіне 1939 жылы қолға алынған Оңтүстік – Сібір темір жол желісі құрылысының басталуы да қолайлы жағдай туғызды. Аталған желіні пайдалануға беру үшінші бесжылдықтың жоспарына енгізілді. Оның іске қосылуы Кузнецкінің тас көмір бассейнін Магнитогордың металлургиялық комбинатымен, ал Магнитогор арқылы Қарағандының көмір бассейнімен, сондай-ақ Балқаш, Жезқазған жез өндіру комбинаттарымен жалғастыруға қолайлы мүмкіндік туғызатын еді. Саяси және шарушылық жағынан аса елеулі бұл темір жолдың Қазақстанның өндірістік аймақтарын жетілдіру мен түлетудегі рөлі зор болатын. Қостанай, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарын еңдей өтіп, бір жарым мыңдай шақырымды құрайтын бұл тораптың іске қосылуын қалың көпшілік тағатсыздана күтті. Бұл жылдары Қазақстанда Көкшетау, Павлодар облыстары жоқ болса, Ақмола қаласы Қарағанды облысының құрамында еді. Оңтүстік – Сібір темір жол торабының салынуы республика өңіріндегі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы ресурстарын ойдағыдай игеруге, Екібастұз көмірін, Бозшакөл жезін, Майқайың алтынын, Торғай бокситін, Сандықтаудың орман байлығын халық кәдесіне жаратуға аса қажет болды.

Оңтүстік – Сібір темір жолы құрамына енетін, ұзындығы 806 шақырымды құрайтын Ақмола – Қарталы желісін іске қосу қазақстандықтардың еншісіне тиді. Желінің пайдалануға берілуі Оңтүстік Оралдың Қарағанды көмірін еркін тұтынуына, өз қажеттеріне толық пайдалануына аса қажет еді. Осыған орай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жолдамасымен бұл құрылысқа 1200 коммунист пен 10 мыңға тарта комсомол жастар жіберілді. 1939 жылдың мамыр айында Ақмола – Қарталы бағыты шын мәніндегі екпінді құрылыс алаңына айналды. Онда алғашқы кезеңде 21730 жұмысшы еңбек етті. Адамдардың табанды жұмыстарының арқасында 806 шақырымға созылған желі құрылысы аса қысқа мерзім ішінде, сегіз жарым айда мәреге жетті. 1940 жылдың ақпан айында Магнитогорскіге Қарағанды көмірінің алғашқы эшелоны жол тартты. Ал 1940 -1941 жылдары Қарағанды көмірі Магниткаға жеткізіле бастады.

1941 жылы Оңтүстік – Сібір магистралінің екінші буыны болып табылатын, ұзындығы 439 шақырымға созылған Ақмола – Павлодар темір жол желісі құрылысын салу қолға алынды. Алайда Ұлы Отан соғысының басталуы өркен жая түскен бұл істі кейінге шегеріп, оны